



Заңды жүрекпен қабылдаған адам кез келген жағдайда ар-ожданнан бірінші орынға қояды.

3-БЕТ | ҚАЛА ТЫНЫСЫ



Қосшыда танымал ақын, жазушы Ұларбек Нұрғалымұлының туындыларын оқудан қалалық байқау өтеді.

4-БЕТ | АЙНА



Республика көшесі, 34 б мекенжайында орналасқан «Лағманхана» дәмі тіл үйретін шығыс тағамдарының түр-түрі қолжетімді бағада ұсынылады.

4-БЕТ | АЙНА

№3 (193)

24 ҚАҢТАР
СЕНБІ
2026 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaña BASTAU

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

Ұлттық құрылтай: ЕЛ БИЛІГІН ҮЛКЕН ҮШ ӨЗГЕРІС КҮТІП ТҰР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында көтерген мәселелері елдегі саяси реформалардан бастап, әлеуметтік-экономикалық даму, ұлттық сананың нығаюы мен стратегиялық инфрақұрылымдық жобаларға дейінгі кең ауқымды бағыттарды қамтыды. Көптің көкейінде жүрген бұл бастамалар қазір елдің тұрақты дамуы мен азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланып отыр.

Соның ішінен мемлекеттік билік реформалары, атап айтқанда, бір палаталы Парламент – Құрылтайға көшу, Халық Кеңесін құру, вице-президент лауазымын енгізу деген негізгі үш басымдыққа тоқтала кетпекпіз.

Президенттің айтуынша, қазір еліміз ауқымды саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басқалы тұр. Осы өзгерістердің өзегі алдағы парламенттік реформа болатыны анық.

– Алдымен болашақ Парламенттің атауы бойынша пікірімді айтсам. Қысқаша айтқанда, Құрылтай деген атауды беру керек деп сенемін. Құрылтайдың тарихи аясы да, мағынасы да халқымызға түсінікті, жақын. Құрылтай отырыстарын жаңғырту бастамасын мен өзім 2022 жылы көтердім. Бұл баяндаманың басында Құрылтай жұмысының тиімділігі мен пайдасына ден қойдым. Жалпы, еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалуымыз керек деп ойлаймын. Ал депутаттар санына келсек, бұл мәселе де қызу пікірталас туғызды. Ең көп пікір қайшылығы осы мәселеге қатысты болды. Бірінші тарап еліміздегі халық санына қарай пропорционалды тиімділік идеясын ұсынды. Екінші тарап депутат санын 500-ге дейін арттыру қажет деді. Біздің негізгі мақсатымыз – шын мәнінде тиімді әрі кәсіби Парламент құру. Жаңа заң шығарушы орган елдегі ауқымды өзгерістерге заңнамалық тұрғыда барынша қолдау көрсетуге тиіс. Әлемдегі озық тәжірибелерге қарамақ, бұл үшін депутат санын көбейтудің еш қажеті жоқ. Сондықтан мәселе – санда емес, сапада. Ең бастысы, Парламентте нағыз отаншыл азаматтар – білікті мамандар отыруға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте жұмыс тобы көпшіліктің сондай әртүрлі ұсынысын мұқият зерделеп, қызу талқылаған болатын. Сөйтіп, қазір олар Парламенттің мандат саны 145 болуы керек деген байламға келіп отыр. Енді ол жаңа Парламентте төрағаның 3 орынбасары болуы мүмкін. Ал комитет саны 8-ден аспауға тиіс.

Ең маңыздысы, мемлекет басшысы «Парламенттегі президент квотасын қалдыру керек» деген ұсынысты қолдамаған. Ол жаңа Парламент ешкімнің қамқорлығына, қадағалауына мұқтаж емес деген сенімде. Айтуынша, депутаттардың ішінде арнайы тағайындалған «таңдаулы тұлғалар» да болмай, олар бәріне бірдей ортақ тәртіппен сайлануға тиіс. Соған сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы квотасы да алынып тасталады.

– Жаңа Парламентте депутаттарды 5 жылға сайлау көзделіп отыр. Заң қабылдаудың үш



кезеңнен тұратын процедурасы ұсынылады. Депутаттар бірінші кезеңде заң жобасын жалпы мақұлдайды. Одан кейін өзгерістерді мақұлдайды, соңында заңды қабылдайды. Осылайша, біз Парламент қызметін түбегейлі қайта құру арқылы осыған дейін іске асырылған саяси реформаларды одан әрі жалғастырамыз. Мемлекеттің институционалдық тұғырын нығайтып, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына сәйкес орнықты саяси жүйе қалыптастырамыз. Басты мақсатымыз да – осы, – деді президент.

Сонымен қатар реформалардың жаңа кезеңінде қоғам дамуының барлық мәселесіне қатысты тұрақты жалпыұлттық диалог жүргізу үшін ауқымды платформа немесе биік мінбердің қажеттігі айтылды. Президенттің пайымынша, халықтың ынтымақ-бірлігін нығайтуға ықпал ететін негізгі қоғамдық-саяси бірлестіктер мен құрылымдар осы платформа аясына тоғысуға тиіс.

– Бұл ретте Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың тарихи мән-маңызы зор әрі айрықша жауапты миссиялары табысты аяқталды деп санауға болады. Енді жаңа институт ретінде Қазақстанның Халық Кеңесін құруды ұсынамын. Ассамблея мен Ұлттық құрылтайдың қазақ мемлекеттілігін және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін дәйекті түрде нығайту сияқты міндеттерін осы жаңа органға жүктей отырып, стратегиялық сабақтастықты сақтап қалу өте маңызды деп санаймын. Сонымен бірге, Халық Кеңесі басқа елдердегі консультативті құрылымдардың оң тәжірибелерін ескере отырып құрылатын жаңа мемлекеттік орган болмақ. Оның құрамына барлық этностың, түрлі санаттағы азаматтардың және аймақтардың өкілдері кіреді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Демек елде енді «Қазақстан халқы Ассамблеясы» деген ескі атау қолданылмайды. Есесіне Қазақстанның Халық Кеңесі мемлекетіміздің жоғары консультативтік органы мәртебесіне ие болғалы тұр. Кеңесті 126 адамнан жасақтап, оған этномәдени орталықтардың, ірі қоғамдық бірлестіктердің және мәслихаттар мен аймақтардағы қоғамдық кеңестердің өкілдерін тең дәрежеде 42-ден қосу ұсынылды. Олардың бәрін президенттің өзі тағайындайды. Ал төрағасын Халық Кеңесінің мүшелері сайлайды. Кеңес төрағасының қоғамдық негізде жұмыс істеп, ротация арқылы тағайындалатын

екі орынбасары, сондай-ақ хатшылық меңгерушісі болады.

– Халық Кеңесіне заң шығаруға бастамашылық ету құқығы берілуге тиіс. Бұл қадам оның мәртебесін айтарлықтай арттырады. Жылына кемінде бір рет шақырылатын сессия Халық Кеңесінің жоғары органы рөлін атқарады. Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық және конфессияаралық келісім мәселелеріне қатысты негізгі қызметі Кеңеске беріледі. Ішкі саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу жаңа органның негізгі міндетінің бірі болмақ. Бұл мекеме мемлекеттік идеологияға қатысты мәселелерді, сондай-ақ Конституцияның және еліміздегі өзге де аса маңызды құжаттардың ережелерін түсіндіріп, насихаттау жұмысымен айналысады. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін, мемлекеттік маңызы бар басқа да гуманитарлық форумдарды өткізу де Кеңестің құзыретіне кіреді. Халық Кеңесінің мәртебесі мен оны құру тәртібі Конституцияның арнайы бөлімімен және конституциялық заңмен реттеледі, – деп түсіндірді мемлекет басшысы.

Жалпы, президент он әрі тұрақты нәтижеге жету үшін эволюциялық жолмен жұмыс кезең-кезеңімен әрекет жасау, сондай-ақ қоғамды жаңа саяси және экономикалық ахуалға бейімдеу қажет екеніне де сенімді. Сондықтан ол Ұлттық құрылтайдың қорытынды отырысында тағы бір маңызды ұсыныс айтты.

– Мен ұсынатын жаңашылдықты біз бірнеше жыл бойы мұқият қалыптастырып келе жатқан саяси құрылымның үйлесімді түйіні деуге болады. Әңгіме Қазақстан Республикасының вице-президенті институтын құру, тиісінше оны Конституцияда бекіту туралы болып отыр. Вице-президентті мемлекет басшысы Парламент депутаттарының көпшілігінің келісімін ала отырып тағайындайды. Оның құзырет аясын мемлекет басшысы өзі белгілейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан шығатын қорытынды, қазіргі Парламенттің қызметін қамтамасыз етіп отырған аппараттық құрылымның бір бөлігі және Мемлекеттік кеңесші лауазымы қысқартылады. Президент Әкімшілігінің міндеттері мен құрылымы іс жүзіндегі қажеттілікке сәйкес реформаланады.

Еркеғали БОЛАТҰЛЫ

Жылу сапасы тексерілді

Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев орталық жылу қазандығының жұмысымен танысып, жылу жүйесінің қазіргі жағдайын көріп шықты. Бұл ретте жылу беру нысанының техникалық мүмкіндіктері, жабықтардың жұмыс ырғағы мен қауіпсіздік талаптарының сақталу деңгейі жан-жақты қаралды.

Қала тұрғындарын үздіксіз әрі сапалы жылумен қамтамасыз ету – жергілікті биліктің басты міндеттерінің бірі. Осы орайда әкім орталық қазандықта жылу беру үдерісінің тұрақтылығы, отын қорының жеткіліктілігі және ықтимал апаттардың алдын алу шараларына ерекше назар аударды. Жауапты сала мамандары қазандықтың тәулік бойы штаттық режимде жұмыс істеп тұрғанын, жылу беру көрсеткіштерінің белгіленген нормаларға сай екенін жеткізді.

Сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар нысандарды жылумен қамтамасыз етіп отырған автономды қазандықтардың да жағдайы тексерілді. Атап айтқанда, балабақшалар, мектептер, денсаулық сақтау мекемелері мен өзге де қоғамдық нысандардағы жылу жүйелерінің жұмысы бақылаудан өтті. Әкім бұл нысандарда жылу тұрақтылығы бірінші кезекте тұруы керектігін атап өтіп, кез келген ақау жедел әрі уақтылы жойылуға тиіс екенін айтты.

Тексеру аясында қала басшысы «Лесная поляна» тұрғын алабындағы бірқатар көпқабатты тұрғын үйге арнайы барып, пәтерлердегі жылу деңгейін тексерді. Тұрғындармен тілдесу барысында кей үйде жылу жеткілікті екені айтылса, кейбір подъезде ескі жүйені реттеу қажеттілігі байқалды. Бұл мәселелерге қатысты жауапты мамандарға нақты тапсырма берілді.

Азамат Қапышев жылу жүйесінің тұрақты әрі қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін техникалық бақылауды күшейтуді, инженерлік желілерді уақтылы тексеріп отыруды және тұрғындардан түскен өтініш-шағымдарға жеделден қолдау тапсырды. Сондай-ақ жылу беру сапасын арттыру мақсатында профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Қала әкімінің айтуынша, қыс мезгілінде тұрғындардың жайлы өмір сүруі мен әлеуметтік нысандардың қалыпты жұмыс істеуі жылу жүйесінің тиімділігіне тікелей байланысты. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар күнделікті бақылауда болады. Ал жауапты мекемелерге қойылған міндеттердің орындалуы қатаң қадағаланатыны ескертілді.

ХАБАРЛАНДЫРУ / ОБЪЕВЛЕНИЕ

Қосшы қаласының «Лесная поляна» тұрғын алабы, 4 мекенжайындағы 5 қабатты үйдің 4-қабатында орналасқан, көлемі 47 шаршы метр 2 бөлмелі пәтер сатылады.

Пәтер ұқыпты жөнделген. Іші жылы. Есігі металдан жасалған. ADSL интернетпен қаттамасыз етілген. Пластикалық терезе-

лер, балкон бар. Балкон шынымен қапталған. Төрүй, жатын бөлме, ас үй бөлек. Барлығы жаңартылған.

Баспана кепілде емес, ипотекаға берілуі мүмкін. Жиһазымен бірге сатылады. 2 санитарлық торап бар.

Ескерту: пәтер айырбасталмайды. Үй иесінің телефон нөмірі: +7 707 600 66 24.

Продаётся отдельный дом – Зона отдыха Tau Park.

Город Косшы.

Цена – 42 000 000 тенге.

Адрес: 016-учетный квартал, 38.

Материал постройки СИП-панели.

Площадь дома – 100 м², площадь кухни – 13 м², площадь участка – 8 соток.

Количество этажей – 1 этаж.

Год постройки – 2025.

Состояние дома – свежий ремонт.

Назначение участка – ИЖС.

Возможен обмен – нет.

Подробнее о доме:

Покрытие крыши, металлочерепица.

Высота потолков – 3 м, есть мансарда, дом без мебели. Документы в порядке.

Есть электричество, отопление. Отопление на электричестве. Можно подключить газ. Канализация – септик. Санузел в доме,

на улице. Количество санузлов – 2.

Питьевая вода – скважина, поливная вода – постоянно.

Можно подключить интернет.

Есть забор. Подъезд к дому – щебень.

Покрытие во дворе щебень.

На участке навес, баня или сауна.

Безопасность – видеонаблюдение.

Зона отдыха Тау Парк со знаменитой зимней горкой – 250 метров.

Рядом Кенже Парк.

Река Нура – 200 метров.

В микрорайоне строится современная школа «Алпамыс» – детям знания, родителям спокойствие. Рассмотрим обмен на трёхкомнатную в Есильском районе города Астаны.

Звоните агенту крыша.kz Жандосу Амандыковичу.

Тел.: +7 775 037 24 01.

Продаётся 1-комнатная квартира. Адрес: город Косшы, Лесная поляна, 15.

Цена – 10 900 000 тенге.

Год постройки – 2012 г.

Этаж – 3 из 5.

Площадь – 30 м².

Санузел совмещенный, имеется балкон.

Балкон остеклён.

Дверь металлическая. Телефон нет. Интернет через TV кабель. Есть парковка, рядом охраняемая стоянка.

Квартира меблирована полностью. Пол – линолеум. Высота потолков – 2.7 м.

Безопасность – домофон, видеонаблюдение.

ние.

Возможен обмен – нет.

Всё, что нужно для жизни: мебель, которая уже привыкла к этому месту, и техника, которая не хочет переезжать. Холодильник будет скучать по вашему йогурту!

Двор – как вселенная для семьи: детская площадка, спортивная и парковка.

Всё в шаговой доступности, даже если ваш шаг – 10 сантиметров. Магазины, остановка, школа и садик.

По всем вопросам обращайтесь к агенту Жандосу Амандыковичу.

Тел.: +7 775 037 24 01.

Продаётся отдельный дом.

Город Косшы.

Цена – 75 000 000 тенге.

Адрес: улица Тонько, 76.

Материал постройки – кирпич.

Площадь дома – 200 м², площадь кухни – 15 м², площадь участка – 10 соток.

Количество этажей – 2 этажа.

Год постройки – 2021 г.

Состояние дома – свежий ремонт.

Назначение участка – ИЖС.

Возможен обмен – нет.

Подробнее о доме:

Покрытие крыши – мягкая кровля. Высота потолков – 3,1 м. Дом частично меблирован.

Документы в порядке.

Есть электричество, отопление. Отопление на твердом топливе. Можно подключить газ. Газ уже «на подходе» – подключение до 05.2026, всё официально и по плану. Канализация – центральная.

Санузел в доме, на улице. Количество санузлов – 2.

Интернет подключен.

Подробнее о участке:

Есть забор. Подъезд к дому – щебень. Покрытие во дворе – брусчатка, газон. На участке гараж, навес, огород или сад.

Безопасность – сигнализация, видеонаблюдение.

Ворота гаража и двора автоматические DoogNap – открываются быстрее, чем дети бегут на улицу.

Вода – своя скважина с умным оборудованием Waterboss + подведён центральный водопровод.

Улица освещена, остановка в 5 минутах пешком.

Возможен обмен на 3-комнатную квартиру от 90 м² с паркингом в Есильском районе. Реальный покупатель – торг.

Ипотеку проходит. С АН сотрудничаем.

По всем вопросам – агент Крыша.kz Жандос Амандыкович.

Тел.: +7 775 037 24 01.

Продаётся отдельный дом

6 комнат · 96.2 м² · 10 сот., город Астана, Алматы р-н, улица Ошакты 17

Цена - 71 111 111 тенге

Материал постройки - кирпич, дерево.

Площадь дома - 96.2 м², площадь участка - 10 соток.

Количество этажей - 1 этаж.

Год постройки – 2006

Возможен обмен – нет.

Подробнее о доме

Покрытие крыши – шифер, высота потолков - 2.5 м, дом частично меблирован.

Возможен торг, документы в порядке, дом не в залоге.

Есть электричество, подведено 3 фазы, центральное отопление, газ магистральный.

Канализация центральная, санузел в доме.

Количество санузлов – 2, питьевая вода - центральное водоснабжение.

Поливная вода – постоянно.

Есть забор, к дому проложен асфальт, покрытие во дворе асфальт.

На участке имеется гараж, навес, летняя кухня, времянка, детская площадка, хозпостройки Внимание! Отличный вариант. Продаётся благоустроенный частный дом в центре города. Дом в хорошем состоянии и находится на земельном участке в 10 соток. Супер локация - почти граница правого и левого берегов, где очень развитая инфраструктура и транспортная развязка. Идеально подходит как для проживания, так и для бизнеса.

Обращаться по телефону Ногайбаевой Фатиме, специалист компании ТИТАН +7 707 713 4238

«Alashtalk.ai» ЖШС, БСН 240640005159 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Орал қаласы, Строитель шағын-ауданы, 42 үй, 62 кеңсе
Тел.: 8 707 882 39 81

ТОО «Alashtalk.ai» БИН 240640005159 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течении двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Уральск, микрорайон Строитель, дом 42, офис 62, тел.: 8-707-882-39-81

«Автопартнер» ЖШС, БСН 251040016277 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Гашек көшесі, 1А үй, 66 пәтер
Тел.: 8 705 658 66 63

ТОО «Автопартнер», БИН 251040016277 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Костанайская обл., г. Костанай, ул.Гашека, д.1А, кв.66
Тел.: 8 705 658 66 63

«Чабо Корпорейшн (С.С.)» ЖШС, БСН 190540000470 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 20 үй, 2 кеңсе
Тел.: 8 747 500 02 56

ТОО «Чабо Корпорейшн (С.С.)», БИН 190540000470 сообщиает о своей ликвидации претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, ул.Туркестан, д.20, офис 2
Тел.: 8 747 500 02 56

«Alashtalk.ai» ЖШС, БСН 240640005159 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Орал қаласы, Строитель шағын-ауданы, 42 үй, 62 кеңсе
Тел.: 8 707 882 39 81

ТОО «Alashtalk.ai» БИН 240640005159 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течении двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Уральск, микрорайон Строитель, дом 42, офис 62, тел.: 8-707-882-39-81

«Smart Move Trading» ЖШС, БСН 20111432194 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Тобольский көшесі, 85 үй
Тел.: 8 700 850 01 88

ТОО «Smart Move Trading», БИН 20111432194 сообщиает о своей ликвидации претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Костанайская обл., г. Костанай, ул.Тобольская, д.85 Тел.: 8 700 850 01 88

«ІST-Курылыс» ЖШС, БСН 200940008722 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 34/1 үй, 1 пәтер
Тел.: 8 747 309 05 89

ТОО «ІST-Курылыс», БИН 200940008722 сообщиает о своей ликвидации претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, пр.Тәуелсіздік, д.34/1, кв.1
Тел.: 8 747 309 05 89

«Туран Бетон НС» ЖШС, БСН 230640033371 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нура ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 38 үй, 70 пәтер
Тел.: 8 701 120 23 02

ТОО «Туран Бетон НС», БИН 230640033371 сообщиает о своей ликвидации претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Нура, ул.Шыңғыс Айтматов, д.38, кв.70
Тел.: 8 701 120 23 02

«М-ТАУ» ЖШС, БСН 230140041344 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Кенен Әзірбаев көшесі, 16 үй, 65 пәтер
Тел.: 8 777 772 77 32

ТОО «М-ТАУ», БИН 230140041344 сообщиает о своей ликвидации претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, ул. Кенен Азірбаев, д.16, кв.65
Тел.: 8 777 772 77 32

«Kuanysh industries» ЖШС, БСН 190140010651 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, ауданы, Қазыбек Би атындағы ауданы, Гүлдер-1 шағын ауданы, 3 үй, 168 пәтер.
Тел.: 8 778 192 67 40

ТОО «Kuanysh industries», БИН 190140010651 сообщиает о своей ликвидации претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Карагандинская обл., г. Астана, р-н имени Қазыбек Би, микрорайон Гүлдер-1, д.3, кв.168
Тел.: 8-778-192-67-40

«Есиль Строй Проект» ЖШС, БСН 250640009025 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 47/1 үй, 191 кеңсе
Тел.: 8 777 964 78 10

ТОО «Есиль Строй Проект» БИН 250640009025 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течении двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, пр.Ұлы Дала, д.47/1, офис 191
Тел.: 8 777 964 78 10

«Маринад КЗ» ЖШС, БСН 230340030960 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыстың оң жағының тұрғын ауданы, Ғабиден Мұстафин көшесі, 52 үй.
Тел.: 8 701 109 46 24

ТОО «Маринад КЗ», БИН 230340030960 сообщиает о своей ликвидации претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, ж/м Юго-Восток (правая сторона), ул.Ғабиден Мұстафин, д.52
Тел.: 8 701 109 46 24

«Alashtalk.ai» ЖШС, БСН 240640005159 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Орал қаласы, Строитель шағын-ауданы, 42 үй, 62 кеңсе
Тел.: 8 707 882 39 81

ТОО «Alashtalk.ai» БИН 240640005159 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течении двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Уральск, микрорайон Строитель, дом 42, офис 62, тел +7(707) 882 39 81



ХАБАРЛАМА

Қосшы қаласында 2026 жылғы 1 наурызға тағайындалған Тайтөбе ауылы әкімінің сайлауы бойынша сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 14-бабының 6-тармағына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес, 2026 жылғы 1 наурызға тағайындалған Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің сайлауы бойынша сайлау округінің құрылғаны туралы хабарлаймыз.

Қосшы қалалық сайлау комиссиясы

СООБЩЕНИЕ

об образовании избирательного округа в городе Косшы по выборам акима села Тайтөбе, назначенных на 1 марта 2026 года

В соответствии с пунктом 6 статьи 14, пунктом 4 статьи 21, статьей 22 Конституционного закона «О выборах в Республике Казахстан» сообщаем об образовании избирательного округа по выборам акима села Тайтөбе города Косшы в границах села Тайтөбе, назначенных на 1 марта 2026 года.

Косшынская городская избирательная комиссия

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫ ТАЙТӨБЕ АУЫЛЫНДА 2026 ЖЫЛҒЫ 1 НАУРЫЗҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН КЕЗЕКТІ АУЫЛ ӘКІМІ САЙЛАУЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 14-бабының 2 және 8-1 тармақшаларына, 113-1 бабының 1-тармағы 1 тармақшасына, 2 және 4 тармақтарына, сондай-ақ Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 21 қаңтардағы №3/21 «Тайтөбе ауылы әкімінің өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Тайтөбе ауылы әкімінің сайлауын тағайындау туралы» қаулысына сәйкес, Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің кезекті сайлауы 2026 жылғы 1 наурызға тағайындалғанын хабарлаймыз.

Бұдан басқа, Тайтөбе ауылы әкімінің сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілді. Ол қалалық сайлау комиссиясының интернет-парақшасына (Қосшы қаласы әкімдігінің сайтында) орналастырылған.

Қосшы қалалық сайлау комиссиясы

СООБЩЕНИЕ О НАЗНАЧЕНИИ ОЧЕРЕДНЫХ ВЫБОРОВ АКИМА СЕЛА ТАЙТӨБЕ ГОРОДА КОСШЫ НА 1 МАРТА 2026 ГОДА

В соответствии с подпунктами 2 и 8-1 статьи 14, подпунктом 1 пункта 1, пунктов 2 и 4 статьи 113-1 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», постановлением Косшынской городской территориальной избирательной комиссии № 3/21 от 21 января 2026 года «О назначении выборов акима села Тайтөбе в связи с истечением срока полномочий акима села Тайтөбе», сообщаем о назначении выборов на 1 марта 2026 года.

Кроме того, утвержден Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акима села Тайтөбе, который размещен на интернет-странице городской территориальной избирательной комиссии (на сайте акимата города Косшы).

Косшынская городская избирательная комиссия

ТҰЛҒАЛЫҚ ӨСУГЕ ТАЛПЫНТҚАН ТРЕНИНГ

«Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында Қосшы жастарының ұйымдастыруымен орган қызметкерлері арасында ашық пікір алмасуға, құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған «Заңды орындау – ішкі құндылықтан басталады: заң қызметкерлерінің моральдық иммунитетін күшейту» тақырыбында психологиялық тренинг өтті.

Іс-шараның басты мақсаты – заң қызметкерлерінің кәсіби қызметінде адалдық, әділдік, жауапкершілік секілді адамгершілік құндылықтарды нығайту, ішкі моральдық тұрақтылықты арттыру және құқықтық сананы тереңдету. Тренингке қатысушылар заңға құрметтің тек қызметтік талаптан емес, әр адамның ішкі мәдениеті мен өмірлік ұстанымынан басталатыны жөнінде ой бөлісті.

Тренинг интерактивті форматта ұйымдастырылып, қатысушылар түрлі кәсіби және өмірлік жағдаяттарды талдау арқылы өз пікірлерін ашық білдірді. Пікір алмасу кезінде жеке жауапкершілік, моральдық таңдаулар, эмоциялық тұрақтылық, кәсіби күйзелістің алдын алу және қызметтік этиканы сақтау мәселелері кеңінен қозғалды. Мұндай формат қатысушылардың өзара сенімін арттырып, ішкі құндылықтарын қайта саралауға мүмкіндік берді.

– Заң қызметкерлерінің моральдық иммуни-

теті – олардың кәсіби беріктігінің негізі. Заңды жүрекпен қабылдаған адам кез келген жағдайда ар-ожданын бірінші орынға қояды. Ішкі құндылықтары қалыптасқан маман сыртқы қысымға берілмей, әділ шешім қабылдай алады, – деді тренингті жүргізген психолог.

Сонымен қатар ол адамның ішкі сенімі мен құндылықтары құқықбұзушылықтың алдын алуда шешуші рөл атқаратынын атап өтті. Оның пікірінше, заң мен тәртіп қағидаттары алдымен санада, одан кейін әрекетте көрініс табуға тиіс.

Қатысушылар Қосшы жастарының мұндай мазмұнды бастамалары кәсіби дамуға ғана емес, тұлғалық өсуге де зор ықпал ететінін атап өтті. Мұндай іс-шаралар заң қызметкерлерінің кәсіби этикасын күшейтіп, қоғамда заңға деген сенім мен құрметті арттыруға жол ашады.

Лаура ТАРҒЫН,
ЖРО маманы



ШАҒБАН АЙЫ ЖӘНЕ ҒИБАДАТТАҒЫ ОРТА ЖОЛ ҰСТАНЫМЫ



Шағбан – Ережеп пен Рамазан айларының арасында орналасқан ай. Классикалық ислам дерек-көздерінде Шағбан айы «ұмыт қалған ай» ретінде сипатталады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хадистерінде бұл айға ерекше мән берілген. Айша анамыздан (р.а.) жеткен риуаятта: «Алла елшісі (с.ғ.с.) Шағбан айында басқа айларға қарағанда көбірек ораза ұстайтын» деп баяндалады. Бұл дерек Шағбан айының нәпіл ғибадаттар арқылы рухани дайындық кезеңі екенін көрсетеді. Сонымен қатар хадистерде Шағбан айы амалдар Алла Тағалаға ұсынылатын кезең ретінде сипатталады. Алайда бұл түсінік ғибадатты шамадан тыс көбейтуге немесе міндетке айналдыруға негіз бола алмайды. Ислам құқықтануында (фикһ) Шағбан айындағы ғибадаттар ерікті сипатта екені айқын көрсетілген.

Ислам діні адам баласын тепе-теңдікке, сабыр мен парасатқа үндейді. Құлшылықтың мақсаты – Аллаға жақындау, адамды

рухани кемелдендіру, қоғамға пайдалы тұлға қалыптастыру. Алайда кей жағдайда ғибадаттың мән-маңызы бұрмаланып, асыра сілтеу мен шектен шығу көріністері байқалып жатады. Мұндай құбылыс дінге де, қоғамға да қауіп төндірді. Ислам дінінде ғибадаттың негізгі мақсаты – адамды рухани кемелдендіру, мінез-құлқын тәрбиелеу және қоғаммен үйлесімді өмір сүруге жетелеу. Қасиетті Құранда: «Осылайша біз сендерді орта жолды ұстанған үммет еттік» (Бақара сүресі, 143-аят) деп баяндалады. Бұл аят исламның методологиялық негізін айқындайды. Уасатия – тек құқықтық немесе ғибадаттық ұстаным емес, дүниетанымдық тұтастық.

Соңғы жылдары діни радикализм мен деструктивті ағымдардың идеологиялық ықпалы көбейіп, әсіресе діни білімі таяз, эмоциялық тұрғыдан осал топтарға қауіп төндіріп отыр. Мұндай жағдайда дәстүрлі ислам құндылықтарын ғылыми-теологиялық негізде түсіндіру, ғибадаттағы орта жол ұстанымын кеңінен насихаттау – өзекті мәселе. Осы тұрғыда ислам күнтізбесіндегі Шағбан айының мәнін кешенді түрде қарастыру ерекше маңызға ие.

рухани кемелдендіру, қоғамға пайдалы тұлға қалыптастыру. Алайда кей жағдайда ғибадаттың мән-маңызы бұрмаланып, асыра сілтеу мен шектен шығу көріністері байқалып жатады. Мұндай құбылыс дінге де, қоғамға да қауіп төндірді. Ислам дінінде ғибадаттың негізгі мақсаты – адамды рухани кемелдендіру, мінез-құлқын тәрбиелеу және қоғаммен үйлесімді өмір сүруге жетелеу. Қасиетті Құранда: «Осылайша біз сендерді орта жолды ұстанған үммет еттік» (Бақара сүресі, 143-аят) деп баяндалады. Бұл аят исламның методологиялық негізін айқындайды. Уасатия – тек құқықтық немесе ғибадаттық ұстаным емес, дүниетанымдық тұтастық.

Ғибадатта орта жолды ұстану:

- парыз бен нәпілдің аражігін ажырату;
- адам мүмкіндігін ескеру;
- дінді ауыртпалық көзіне айналдырмау қағидаларын қамтиды.

Шағбан – дайындық айы, фанатизм айы емес. Ғибадатта асыра сілтеу – ислам теологиясында

қатаң сынға алынған құбылыс. Діндегі талаптарды шамадан тыс қатайту, адамның табиғи болмысын елеу және өз түсінігін абсолюттендіру арқылы көрініс табады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Дінде шектен шыққандар құрыды» деген хадисінде ғибадаттағы асыра сілтеудің қауіпті салдарын ескерткен. Тағы бір хадисте сахабалардың кейбірі үнемі ораза ұстап, түнде мүлде ұйықтамауға ниет білдіргенде, Алла елшісі (с.ғ.с.): «Мен ораза да ұстаймын, ауыз да ашамын, намаз да оқимын, ұйықтаймын. Кім менің сүннетімнен бет бұрса, ол менен емес» деп жауап берген. Бұл хадистер ғибадаттағы тепе-теңдіктің пайғамбарлық үлгі екенін дәлелдейді.

Қазіргі діни радикалды идеологиялардың бастапқы кезеңінде ғибадаттағы шектен шығу элементтері:

- нәпіл амалдарды міндетке айналдырады;
- өзгеше пікірді бидғат немесе адасушылық деп бағалайды;
- қоғамнан оқшаулануды тақуалықтың белгісі ретінде көрсетеді.

Бұл үрдістер исламның классикалық түсінігіне қайшы. Дәстүрлі исламда ғибадат адамның әлеуметтік жауапкершілігін жоққа шығармайды. Керісінше, ғибадат адамды қоғамға пайдалы болуға тәрбиелейді. Ислам әлеуметтік дін ретінде қоғаммен үйлесімді өмір сүруді талап етеді. Шағбан айында мұсылман отбасылық қарым-қатынасты нығайту, кешірім мен татулықты арттыру, өзгені айыптамау, әлеуметтік жауапкершілікті сезіну арқылы рухани дамиды. Бұл – мұсылманның ішкі дүниесін саралап, діни танымын түзеп, сенімін нығайтатын маңызды мүмкіндік. Әсіресе бүгінгі ақпараттық аласапыран мен діни радикализм қаупі көбейген заманда Шағбан айының мәнін дұрыс түсіну керек. Радикалды идеология адамды қоғамнан бөліп, «біз және олар» деген дихотомияны қалыптастырады. Бұл – ислам дүниетанымына түбегейлі қайшы.


Меруерт АЛМАХАНОВА,
Қосшы қаласының теолог маманы

ҚОСШЫДАҒЫ ҚОЛЖЕТІМДІ ЛАҒМАНХАНА

Қала мәртебесін алғалы сәулеті мен дәулеті қатар дамып келе жатқан Қосшының тұрғыны Асхат Рахманұлы – мұнда көшіп келгеннен бері жеке кәсібін ұршықша иіріп әкеткен білікті кәсіпкердің бірі. Қазір қалада оның «Лағманхана» дәмханасы жұмыс істеп тұр. Дәмхана «Лесная поляна» тұрғын алабы мен Қосшының қақ ортасында, халық көп шоғырланатын тұста орналасқан. Бұрынғы атауы – «Халва». Бірақ дәмхананың ол кездегі иесі де, ас мәзірі де басқа еді. Қазір барсаңыз, алдыңызға дәмі тіл үйретін шығыс тағамдарының түр-түрі қамтылған жаңа тізім ұсынылады. Жақында біз бармағынан бал тамған Асхат аспазбен кездесіп, оның өз қолымен әзірлеген ерекше тағамдарынан дәм татып, емен-жарқын әңгімелескен едік.



Асхат Рахманұлы телеарнада аспаздық тәжірибесін бөлісіп отырған сәтіндегі суреті



Түстенуге таптырмайтын орын

– Асеке, «Лағманхана» дәмханасына бірнеше адам болып, бір емес, бірнеше рет келіп отырмыз. Тамағы ұнады. Дәмді екен. Ас мәзірінен де көп тағамға тапсырыс беруге болатынын көрдік. Бұны қай кезде аштыңыз? Жалпы, аспаз болып, дәмхана ашу ойыңызда болды ма?

– Жылы лебізіңізге рахмет! Енді қолда бар мүмкіндіктің бәрін пайдаланып, тұтынушыларға дәмді тамақ істейміз. Ең бастысы – сапа. Біз тамақтың дәмді болуына қатты көңіл бөлеміз. Басты мақсатымыз – оны келген қонақтың көңілінен шығатындай етіп дайындау.

«Халва» деп аталған дәмхананы жақында ғана пайдалануға алып, енді «Лағманхана» деген атаумен алдыңғысынан мүлде басқаша мәзірмен жандандыруға бел буып отырмыз. Мұнда бұрын келіп, кейін ат басын бұрмай кеткен қонақтар болса, енді біздің қолымыздан дәм татып көрсе екен дейміз.

Аспаз болу ойыма болды, әрине. Сол үшін мен Қытайдың Үрімші қаласына барып, арнайы шығыс тағамдарын дайындайтын аспаздық курсты оқып алдым. Қазір тамақтың түр-түрін істеймін. 15 жылдық еңбек өтілім бар. Жалпы, аспаз мәзір құрастырады. Сорпа, қою

тағамдар мен басқа да тамақтар әзірлейді. Азық-түліктерді қалай сақтауды, әртүрлі тағамды рецептке сай қалай жасауды біледі және жасаған тағамын безендіре алады. Санитарлық-гигиеналық нормаларға сай азық-түліктерді сақтауды ұйымдастырады.

– Аспаз болу үшін ниет және еңбектің керек екені түсінікті. Одан басқа, талант пен қиял да қажет емес пе?

– Аспаздық – ерекше, бірегей мамандық. Алайда көп адам олай деп ойламайды. Бұл өнерде еш қиындық жоқ деп ойлау мүмкін. Ал аспаз болу оңай шаруа емес. Оған талант керек. Дәм сезімі, қиял да қажет екен. Бір жағынан, бұл мамандық асқан дәлдікті, екінші жағынан ерекше рецептті немесе тағамды әсем безендіруді ойлап табу үшін шығар-

дәмін білгір аспаз үйлестіреді. Аспаздық – өз алдына бір сала. Өнердің түрі көп. Десек те астың қадірін білу, дәмін сезіну, адамға тағам арқылы қуаныш сыйлай білу – басқа дүние. Тамақты жақсы дайындайтын маманның барлық жерде қажет екені даусыз. Бірақ аспаздықтың қиындығы сонда, оны тек қана оқу арқылы игеріп кете алмайсыз. Оған адамның бойында осы керемет мамандыққа деген бейім, қызығушылығы және Жаратқанның берген дарыны болуы керек.

«Аспаздық – ең оңай жұмыс, ас үйде жүріп қарның ашпаса болды» дейтін адамдардың онысы – қате пікір. Егер бойында дарының, икемің болса, аспаздық деген – керемет өнер.

Ас әзірлеу – адамзатпен бірге дамып келе жатқан нағыз ғылым. Сондықтан әр халықтың өзіндік рецепті қалыптасқан ұлттық тағамдары бар.

Аспаздық шеберлік тек дәмді тағам әзірлеумен шектелмейді. Бұл – адамның көңіл-күйіне, денсаулығына және жалпы әл-ауқатына әсер ететін маңызды жұмыс.

– Қазір сіздің мәзіріңізде қандай тамақ түрлері бар?

– Мұнда тамақты өзін істеймін. Көмекшілерім де бар. Мәзірде көп тамақ қамтылған. Сұйық тағамнан манпара, қой, сиыр еттерінен сорпа, тұшпара, қою тағамнан панда манти, тудусыр, ет қосылған фунчоза, ет қосылған фри, пиязбен қуырылған бауыр, пияз

қосылған ет, тебан нюру, қазан кәуап, палау, лазы жи, бұқтырылған балық, дапанжи, үлкен табақта бұқтырылған қой еті, лағманның түр-түрі бар. Мысалы, гуру, суйру, могуру, жусай, хауха, баалды, цомян, дин-дин цомян, ганбян цомян лағмандарын істейміз. Оған қоса салат пен таңғы ас та бар.

– Болашақта басқа да дәмхана ашатын жоспарыңыз жоқ па?

– Жоспарда бар. Бір емес, тағы екі-үш жерден асхана ашсам деп ойлаймын. Алдыма осы мақсатты қойып отырмын. Адамдарға жұмыс тауып бергім келеді. Жұмыс істеп, пайда тапсын деймін. Қазір жастарымыз мықты. Біз оларға емес, олар өзімізге ақыл айтады. Мұны мен жақсы жағынан айтып отырмын. Өзім сапаға, нәтижеге жұмыс істегенді ұнатамын. Асымыз адамның көңілінен шықса, соған риза боламын.

– Негізі жақсы ой айттыңыз. Осы шағын сұхбаттан кейін оқырман қауым сіздің «Лағманхананы» іздеп барады деп ойлаймыз...

– Келем деушілерге есігіміз әрдайым ашық. Дәмхананың мекенжайы – Қосшы қаласы, Республика көшесі, 34 б. Көпшілікке біздегі шығыс тағамдары ұнайды деген сенімдемін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Дастан КЕНЖАЛИН

– Келем деушілерге есігіміз әрдайым ашық. Дәмхананың мекенжайы – Қосшы қаласы, Республика көшесі, 34 б. Көпшілікке біздегі шығыс тағамдары ұнайды деген сенімдемін.

машылық қабілетті талап етеді. Жақсы аспаз ұқыпты, зейінді, жинақы және есте сақтау қабілеті жақсы болуы керек. Астың дәмін тұз келтірсе, ол екеуінің

Құрметті оқырман!

13 ақпанда сағат 15:00-де Қосшы қаласының қоғамдық мәдени спорт кешенінің концерт залында танымал ақын, жазушы Ұларбек Нұрғалымұлының туындыларын оқудан қалалық байқау өтеді.

Байқауға қаламгердің «Дайғағашшы», «Қар суымен келген жылқы», «Қараманнан шыққан қайыршы», «Ауылды «ұстайтын» апа» туындыларын оқыған оқырман қатыса алады.

Ұларбек Нұрғалымұлының шығармашылығын насихаттау, оқырман мәдениетін қалыптастыру, жастардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, шығарманың негізгі идеясы мен мазмұнын, кейіпкерлер жүйесін тану, талдау мақсатында өткелі отырған бұл іс-шараға жас ерекшеліктеріне қарамай, барлық оқырман қатыса алады.

Байқау тест түрінде өткізіледі. Ол 25-30 сұрақтан тұрады. Әр сұраққа 4 жауап нұсқасы беріледі.

Тест сұрақтары – шығарманың мазмұнынан, кейіпкерлерінен, негізгі идеясы мен көркемдік ерекшеліктері тұрғысынан құрастырылады. Ал оқырманға тест тапсыруға 30 минут уақыт беріледі.

Қосшы

Ұларбек Нұрғалымұлының туындыларын оқудан қалалық байқау

Жазушының мынандай туындылары оқылуы тиіс:

- «Дайғағашшы»
- «Қар суымен келген жылқы»
- «Қараманнан шыққан қайыршы»
- «Ауылды «ұстайтын» апа»

Байқауға жас ерекшеліктеріне қарамай барлық оқырмандар қатыса алады

13 ақпан, 15:00

Косшы қаласының қоғамдық мәдени спорт кешені

Ұларбек Нұрғалымұлы

Байқау тест түрінде өткізіледі. Тест 25-30 сұрақтан тұрады. Әр сұраққа 4 жауап нұсқасы беріледі. Тест сұрақтары – шығарманың мазмұнынан, кейіпкерлерінен, негізгі идеясы мен көркемдік ерекшеліктері тұрғысынан құрастырылады.

Әр дұрыс жауапқа – бір ұпай. Қате жауапқа ұпай берілмейді. Ал ең жоғары ұпай – 30. Тест қорытындысында жеңімпаздар алған ұпай саны бойынша анықталады.

Жауаптарды қазылар алқасы тексереді және олардың шешімі өзгермейді. Нәтижесінде ең жоғары ұпай жинаған қатысушы жеңімпаз болады.

Жеңімпаздарға дипломдар мен алғыс хаттар, қаржылай сыйлықтар табыс етіледі.

Ұйымдастырушы: Қосшы қаласының орталық кітапханасы.

Байланыс нөмірі: 8 775 913 20 02 (Майгүл Қарғазықызы).

«Өрт қауіпсіздігі айлығы» өтіп жатыр

Құрметті Қосшы қаласының тұрғындары мен қала қонақтары!

20 қаңтар мен 20 ақпан аралығында Қосшы қаласының аумағында «Өрт қауіпсіздігі айлығы» ұйымдастырылған. Бұл іс-шара жылыту маусымы кезеңінде өрт қаупінің артуына байланысты қолға алынып отыр және оның басты мақсаты – өрттің алдын алу, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ халық арасында өрт қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру.

Жылыту маусымы – тұрғын үйлерде пештер мен электр жылыту құралдары жиі қолданылатын кезең. Өрттің басым бөлігі дәл осы уақытта болады. Оның негізгі себептері – пештерді дұрыс пайдаланбау, электр желілерінің шамадан тыс жүктелуі, тұрмыстық қауіпсіздік талаптарының сақталмауы. Осыған байланысты өрт қауіпсіздігі айлығын өткізу – уақыт талабынан туындаған маңызды шара.

Айлық аясында азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері бірқатар профилактикалық жұмысты іске асырып отыр. Атап айтқанда, қала аумағындағы тұрғын үйлерді аралау, жеке сектор мен көпқабатты үйлерде түсіндіру-нұсқамалық әңгімелер жүргізу, өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндіру, қауіптің алдын алу жолдарын көрсету жұмыстары қолға алынған. Сонымен қатар білім беру ұйымдарында оқушылармен арнайы сабақтар мен кездесулер, тұрғындармен жиналыстар ұйымдастырылып, өрт кезіндегі әрекет ету тәртібі түсіндіріліп жатыр. Іс-шараның негізгі мақсаты – тұрғындардың өрт қауіпсіздігі ережелері жөніндегі білім деңгейін арттыру, төтенше жағдайлардың алдын алу және тұрмыста электр және жылыту құралдарын дұрыс әрі қауіпсіз пайдалану мәдениетін қалыптастыру.

Баршаңызды қарапайым сақтық шараларын ұмытпауға, пеш пен электр құралдарының жарамдылығын үнемі

ХАБАРЛАМА

Төтенше жағдайлардың алдын алу және Қосшы қаласы тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында

20 қаңтар мен 20 ақпан аралығында

Қосшы қаласы мен Тайтебе ауылы аумағында

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ АЙЛЫҒЫНЫҢ 4-КЕЗЕҢІ ӨТКІЗІЛЕДІ.

тексеріп отыруға, балаларды қараусыз қалдырмауға және өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға шақырамыз.

Өрт – бір сәтте орны толмас шығын мен қайғыға әкелетін қауіп. Сондықтан әрбір тұрғын өз үйінің, отбасының қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тиіс. Қарапайым ережелерді сақтау арқылы көптеген қайғылы жағдайдың алдын алуға болады. Осыған орай өткізіліп жатқан іс-шараларға түсіністікпен қарап, мамандардың ұсыныстарын орындап, өрт қауіпсіздігі талаптарын күнделікті өмірде сақтап отырасыздар игі.

Өз өміріңізді және жақындарыңыздың қауіпсіздігін қорғаңыз!

Қосшы қаласының ТЖБ

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ

Бас редактордың орынбасары
Дастан КЕНЖАЛИН

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Ажан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархабат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор
Ерік ЕЛЕУСІЗ

• Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС,
Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77

• Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № КЗ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, КЗ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz